

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ САЯСИ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНЕ ЦИФРЛЫҚ ОРТАНЫҢ ЫҚПАЛЫ

ТАСҚЫМБАЕВА Р.Б. 

Тасқымбаева Рая Баймұратқызы - Магистр, аға оқытушы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан.

E-mail: moldir_merei66@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-5904-5682>

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан жастарының цифрлық ортадағы саяси әлеуметтену үрдістері жан-жақты қарастырылған. Зерттеудің негізгі мақсаты – жастардың саяси сана-сезімінің, азаматтық ұстанымының және саяси мінез-құлқының қалыптасуына цифрлық технологиялар мен әлеуметтік желілердің ықпалын талдау. Қазіргі ақпараттық қоғамда интернет пен әлеуметтік платформалар жастардың негізгі ақпарат алу көзіне айналып, олардың саяси көзқарастары мен құндылықтарының қалыптасуына тікелей әсер етіп отыр. Зерттеу барысында аралас әдіснама қолданылып, сандық және сапалық деректер талданып, жастардың басым бөлігі саяси ақпаратты Instagram, TikTok, YouTube сияқты цифрлық платформалар арқылы тұтынатыны анықталды. Бұл саяси коммуникацияның форматының өзгеруіне, визуал және қысқа контенттің басым болуына алып келіп отыр. Сонымен қатар жастар арасында «клиптік ойлау», «эхо-камера» эффектісі және жалған ақпараттың таралуы сияқты жаңа тәуекелдердің бар екені анықталды. Мақалада «гибридті-цифрлық саяси мәдениет» және «жұмсақ саяси әлеуметтену» ұғымдары ғылыми тұрғыда негізделіп, олардың Қазақстан контексіндегі көріністері сипатталды. Қала және ауыл жастарының саяси белсенділігі арасындағы айырмашылықтар да талданды. Зерттеу нәтижелері цифрлық ортаның жастардың саяси белсенділігін арттыруда маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді. Сонымен қатар жастардың сыни ойлау қабілетін дамыту және медиа сауаттылықты арттыру қажеттігі де айтылды.

Түйін сөздер: саяси әлеуметтену, жастар, цифрлық орта, әлеуметтік желілер, медиасауат, саяси белсенділік.

Кіріспе

Қазір қоғамдағы саяси үдерістер күрделі, оның үстіне ақпараттық-коммуникациялық технологияның жедел дамуы саяси әлеуметтену феноменін жаңаша пайымдауды талап етеді. Саяси әлеуметтену - бұл тұлғаның саяси мәдениет, құндылықтар, нормалар мен саяси әрекеттер жүйесінде қалыптасу процесі. ХХІ ғасырда бұл процесс дәстүрлі отбасы, білім беру жүйесі, мемлекет, БАҚ-пен қатар, жаңа цифрлық агенттердің ықпалымен жүзеге асып отыр. Әсіресе әлеуметтік желілер, онлайн платформалар мен блогтар жастардың саяси сана-сезімін қалыптастыруда маңызды рөл атқара бастады.

Жастар буыны (14–35 жас) үшін цифрлық орта күнделікті коммуникацияның, ақпарат алмасудың және қоғамдық пікір қалыптастырудың негізгі алаңына айналды. Қазақстанда интернет пен әлеуметтік желінің кең таралуы бұл үрдісті айқын көрсетеді: ресми және әлеуметтік зерттеулерге сенсек, 16-74 жас аралығындағы халықтың 96,2 %-ы интернетті тұрақты қолданады, ал жастардың басым бөлігі саяси ақпаратты негізінен цифрлық медиадан алады. Осыдан-ақ жастардың саяси көзқарасы, азаматтық ұстанымы мен саяси мінез-құлқы онлайн кеңістікте қалыптасып, дамып отыр деп сенімді айта аламыз [1].

Зерттеу тақырыбының өзектілігі – қоғамдағы жастардың саяси белсенділігінің жаңа формаларының пайда болуы, цифрлық медианың саяси әлеуметтенудің негізгі агентіне айналуы және жастардың саяси мәдениетін қалыптастыруда ақпараттық қауіп-қатердің артуы болып отыр. Цифрлық орта жастарға саяси белсендіктің жаңа мүмкіндіктерін ұсынғанымен, оның мазмұндық сапасы мен тәрбиелік әлеуеті жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Сондықтан цифрлық медианың жастардың саяси әлеуметтену процесіндегі рөлін ғылыми тұрғыдан зерделеу маңызды.

Зерттеудің мақсаты - цифрлық ортада жастардың саяси әлеуметтену үрдісін талдау.

Зерттеудің міндеттері - цифрлық медианың саяси әлеуметтенудің заманауи агенті ретінде ерекшеліктерін анықтау, Қазақстан жастарының цифрлық ортада саяси ақпаратты

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында аралас әдіснама қолданылды. Негізгі эмпирикалық деректерді жинау үшін сандық және сапалық зерттеу әдістері үйлестірілді. Сандық деректер әлеуметтік сауалнама нәтижелеріне негізделсе, сапалық талдау отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді, аналитикалық есептер мен зерттеу орталықтарының материалдарын зерделеу арқылы жүзеге асырылды.

Сапалық әдістер аясында саяси әлеуметтену, цифрлық медиа және жастар саясаты мәселелеріне арналған қазақстандық зерттеулерге контент-талдау жүргізілді. Бұл тәсіл цифрлық технологиялардың саяси әлеуметтенудегі рөлін теориялық тұрғыда негіздеуге және эмпирикалық деректерді кең әлеуметтік-саяси контексте түсіндіруге мүмкіндік берді.

Зерттеу материалдары Қазақстан жастарының саяси мәдениеті, саяси және мәдени әлеуметтенуі, саяси белсенділігі, сондай-ақ цифрлық технологиялар мен әлеуметтік желілердің осы процестерге тигізетін ықпалын зерттеуге арналған ауқымды ғылыми еңбектерден тұрады.

Нәтижелер және оларды талқылау

Зерттеу нәтижелері Қазақстан жастарының әлеуметтік желіні саяси ақпарат алатын дереккөзге айналдырғанын көрсетті. Сауалнама деректеріне сүйенсек, респонденттердің шамамен 90 %-ы әлеуметтік желіде күнделікті саяси мазмұндағы ақпаратпен кездеседі. Ең жиі қолданылатын платформалар қатарында Instagram, TikTok және YouTube бар. Бұл көрсеткіш ақпарат кеңістігінде визуал және қысқа форматтағы контенттің басым екенін және саяси коммуникация формаларының елеулі трансформацияға ұшырағанын айқындайды [2].

Киберәлеуметтену – адамның ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, желілік мәдениетті және виртуал әлем нормалары мен ережелерін игеріп, электрон әлеуметтік-мәдени ортаға кіру процесі [3]. Қазіргі «цифрлық ұрпақ» (Y және Z ұрпақтары) үшін интернет әлеуметтенудің негізгі алаңына айналып, отбасы мен мектеп сияқты дәстүрлі институттардың рөлін ішінара ығыстырып отыр [4, 259]. Бұл процесс жастардың құндылықтары мен мінез-құлқына жан-жақты әсер етіп отыр.

Ең алдымен құндылықтар жүйесі өзгерді. Дәстүрлі, иерархиялық қатынастардан гөрі, жастар өз құндылықтарын құрдастарымен «көлденең» (горизонталь) қарым-қатынас орнатып қалыптастыруды жөн көреді [5]. Желі кеңістігінде жаһандану әсерінен жастар ұлттық мәдени кодтан алшақтап, «жаһандық субмәдениеттерді» және трансұлттық мәдени үлгілерді қабылдауға бейім. Киберкеңістікпен тікелей байланысты жаңа күтулер, мүдделер, мотивтер мен қажеттер пайда болды.

Екіншіден, танымдық және психологиялық мінез-құлықта ауыса бастады. Ақпаратты әлеуметтік желілерден (TikTok, Instagram, YouTube) қысқа әрі жарқын үзінді түрінде қабылдау жастарда «клиптік ойлауды» күшейтті [6, 79]. Бұл үлкен көлемдегі ақпаратты терең талдау, сыни тұрғыдан ойлау және логикалық қорытынды жасау қабілеттерінің дамуын шектейді. Шындық пен виртуал әлемнің арасындағы шекара анық емес. Жастар классикалық шындықты оның виртуал проекциясынан толық ажырата алмай, виртуал оқиғаларды нақты іс-әрекеттердің эксперименті немесе репетициясы деп қабылдауы мүмкін.

Тұлғааралық қарым-қатынас және этика мәселесі де ойсырай бастауы мүмкін. Электрон коммуникацияны шебер меңгерген белсенді интернет-пайдаланушылар офлайн өмірде тұлғааралық қарым-қатынаста икемсіздік танытып, достық немесе интим қатынастарды құруда қиындықтарға тап болуы мүмкін [3]. Сандық этика мен жеке жауапкершілік мәселесі туындай бастады. Жастар интернеттегі кибербуллинг, негатив пікірлер мен хейтті жай ғана «сөз бостандығы» деп ақтап, цифрлық этика шекараларын бұзады.

Азаматтық мінез-құлық және ақпараттық қауіптер деген де ұғымдар цифрлық ортада пайда бола бастады. Жастар интернетті әлеуметтік белсенділік үшін кеңінен пайдаланады. Қайырымдылық топтарын құру, онлайн-петицияларға қол қою және түрлі әлеуметтік жобаларды іске асырып, жаңа мінез-құлық үлгілерін игереді. Алайда, әлеуметтік желі алгоритмдерінің әсерінен жастар «эхо-камера» (жаңғырық бөлмесі) немесе «сүзгі көпіршігі»

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №2 (84), маусым 2026
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
эффектісіне жиі ұшырайды [4, 130]. Яғни, олар тек өз пікірлерін растайтын ақпаратты ғана тұтынып, басқа көзқарастардан оқшауланады. Бұл олардың жалған жаңалықтар, дезинформация және түрлі манипуляциялардың құрбанына айналу қаупін арттырады. Бұл жерде киберәлеуметтену жастарға өзін-өзі дамыту, қарым-қатынас орнату және азаматтық белсенділік үшін үлкен мүмкіндіктер бергенімен, олардың психологиялық денсаулығына, шынайы өмірдегі әлеуметтік дағдыларына және сыни ойлау жүйесіне айтарлықтай тәуекел әкеліп, қауіп те төндіреді.

Сонымен қатар цифрлық технология мен әлеуметтік желі жастардың саяси белсендігін арттыруда шешуші рөл атқарып, дәстүрлі саяси институттарды ығыстыратын негізгі алаңға айналды. Бұл үрдіс жастардың саяси мәдениеті мен қатысу формаларын түбегейлі өзгертіп отыр. Атап айтсақ, ақпараттың қолжетімді болуы және саяси сауаттың артуы. Жастар саяси ақпаратты теледидар немесе газет сияқты дәстүрлі БАҚ-тан емес, негізінен Instagram, TikTok, YouTube, Telegram және Facebook сияқты әлеуметтік желілерден алады. Бұл оларға саяси жаңалықтарды пассивті қабылдаудан гөрі, мақсатты түрде іздеуге, талдауға және өзара бөлісуге мүмкіндік беріп, саяси хабардар болу деңгейін айтарлықтай арттырады.

Саяси белсенді болудың жаңа цифрлық формалары бар. Мысалы: микро-деңгейдегі қатысу, яғни әлеуметтік желідегі саяси посттарға пікір жазу, «лайк» басу және ақпаратпен бөлісуді азаматтық және саяси белсендіктің жаңа формасы деп бағалауға болады. Сонымен қатар онлайн-петициялар және электронды үкіметті белсенді қолданады. Мысалы, Көкжайлауды қорғауға арналған #SaveKokZhailau хэштегімен басталған инстаграмдағы петиция бір апта ішінде 33 мың қол жинап, билікті шешім қабылдау процесінде қоғамдық пікірмен санасуға мәжбүр етті [7].

Цифрлық платформалардың тағы бір артықшылығы - жастарды географиялық орнына және қаржысына қарамай, біріктіріп, саяси науқандарға, экологиялық бастамаларға немесе наразылық акцияларына өте тез жұмылдыруға мүмкіндік береді. Тікелей диалог және «кәңсіл мәдениеті» де саяси қайраткерлермен тікелей, нақты уақыт режимінде байланыс орнатуға жағдай жасайды. Сонымен қатар, жастар арасында әділетсіздіктерге немесе резонансты мәселелерге қарсы «кәңсіл мәдениеті» қалыптасып келеді [8]. Олар хэштегтер, онлайн-бойкоттар және жаппай негативті пікірлер қалдырып, мекемелерге немесе жеке тұлғаларға нақты қысым көрсете алады. Сонымен қатар цифрлық платформалар дәстүрлі медиа назарынан тыс қалатын түрлі әлеуметтік топтарға дауыс беріп, саяси пікірталасты демократияландырады және ашықтықты қамтамасыз етеді. Азаматтар үкіметтің әрекеттерін бақылап, сыбайлас жемқорлық пен әділетсіздікті әшкерелей алады. Бұл бізге цифрлық технологиялардың қазақстандық жастарды саяси процестердің пассив бақылаушысынан белсенді қатысушысына айналдырып, оларға шешім қабылдау процестеріне ықпал етудің жаңа, жылдам әрі ашық құралдарын ұсынып отырғанының дәлелі.

Қазақстандық студент жастардың саяси тәжірибесі мен санасының офлайн және онлайн кеңістіктегі практикаларының біртұтас құрылымы болып қалыптасқан ерекше феномен бар. Ол «гибридті-цифрлық саяси мәдениет» деп аталады. Бұл тұжырымдама қазіргі жастардың саяси мәдениетінің ерекшеліктерін көрсетеді [6, 79]. Офлайн және онлайн өлшемдердің тоғысады, яғни жастардың саяси мәдениеті бір жағынан дәстүрлі офлайн институттармен - білім беру жүйесі, саяси партиялар, сайлау, билік институттарына қатынас - байланысты болса, екінші жағынан онлайн кеңістіктегі белсенділікпен - әлеуметтік желілер, онлайн-петициялар, eOtinish сервисі, цифрлық активизм - тығыз дамиды. Бұл мәдениет құндылықтарды үйлестіреді. Бұл феномен тарихи-мәдени кезеңдердің әсерінен қалыптасқан тәртіп, тұрақтылық, қоғамдастық сияқты дәстүрлі құндылықтар мен жаңа заманғы цифрлық еркіндік, жеке азаматтық белсенділік, құқықтық сана сияқты құндылықтардың ұрпақаралық бірігуінен тұратын құрылым. Жастардың саяси мәдениетін ендігі жерде Г. Алмонд пен С. Вербаның дәстүрлі патриархалдық, бодандық, қатысушылық типологияларымен шектеуге болмайды. Қазақстанда бодандық мәдениет элементтері сақталса да, цифрлық белсенділікке негізделген жаңа қатысу мәдениеті қалыптасып отыр. Қорыта айтсақ, гибриді-цифрлық саяси мәдениет – Қазақстан жастарының тарихи-мәдени мұра, қазіргі саяси реформалар және

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №2 (84), маусым 2026
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
жаппай цифрландыру ортасының тоғысуы нәтижесінде пайда болған, дәстүрлі енжарлық пен
жаңа цифрлық белсендікті қатар қамтитын көпөлшемді әрі трансформацияға ұшырап
отыратын құбылыс.

Сонымен қатар ғылымда «жұмсақ саяси әлеуметтену» деген ұғым бар. Бұл жастардың
саяси және қоғамдық өмірге дәстүрлі саяси институттар арқылы емес, жанама түрде, яғни
мәдени жобалар мен волонтерлік қозғалыстарға қатысып араласу моделі. Қазақстандық
контексте ұлттық мәдениет пен дәстүрлі институттардың ықпалы әлі де күшті, алайда
жастардың саяси әлеуметтенуі көбіне осындай мәдени және ерікті негізде жұмсақ формада
жүзеге асады. Цифрлық орта бұл үрдісті одан әрі кеңейтіп, жаңа мүмкіндіктер ұсынады.
Цифрлық кеңістіктегі «жұмсақ саяси әлеуметтенудің» көріністерін сипаттап өтсек, жастар
қоғамдық белсенді болудың заманауи әдісі ретінде әлеуметтік желілерде қайырымдылық
сайттары мен арнайы топтар құрады [3]. Олар тікелей саяси ұрандар тастамаса да, қоғамдағы
өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге осылайша өз үлестерін қоса алады. YouTube сияқты
видеохостингтер мен авторлық блогтар жастарға өз әлеуметтік жобаларын алға жылжытуға,
қайырымдылықпен айналысуға және қоғам өмірінде болып жатқан оқиғаларға белсенді
қатысуға үлкен жол ашады. Бұл бір жағынан қауіпсіз әрі баламалы белсендік. Жастар
интернеттегі түрлі мәдени, экологиялық немесе әлеуметтік жобаларды қолдап, өз азаматтық
позициясын білдіреді және қоғамдық процестерге араласудағы жеке ден өтеді.

Осы жерде қала мен ауыл жастарының саяси белсендігінде географиялық орын,
әлеуметтік-экономикалық жағдай және ақпараттық кеңістікке байланысты айтарлықтай
айырмашылықтар туралы айта кеткеніміз жөн. Біріншіден, ақпараттық орта және
мүмкіндіктердің алшақтығы. Қала, әсіресе Алматы, Астана және Шымкент сияқты ірі
орталықтар саяси плюрализм мен демократиялық белсендіктің дамуына өте қолайлы жағдай
жасайды. Қалада жастар үшін түрлі медиа, әлеуметтік желілер, қоғамдық ұйымдар мен
пікірталас алаңдары қолжетімді, бұл олардың саяси процестерге араласу мотивациясы мен
мүмкіндігін арттырады. Мысалы, Алматы тарихи тұрғыдан тәуелсіз бұқаралық ақпарат
құралдары мен қоғамдық қозғалыстардың, демократиялық реформалар жөніндегі
пікірталастардың орталығы болып саналады [5].

Керісінше, ауылдық және шет аймақтарда ақпараттық кеңістік өте тар, ал азаматтық
бастамалар сирек кездеседі. Бұған әлеуметтік-экономикалық жағдай мен дәстүр де ықпал
етеді. Қала жастарының әлеуметтік мәртебесі жоғарырақ және қалада әйелдер де әлдеқайда
жоғары саяси белсендік танытады. Ал ауылдық орта негізінен дәстүрге бағынады, ондағы
жастар төменірек әлеуметтік-экономикалық топтардан шығады және ауыл әйелдерінің де
саяси белсендігі аз. Сонымен қатар, ауылдағы «бәрі бір-бірін таниды» деген ерекшелік
жастардың өз көзқарасын ашық білдіруіне кедергі келтіріп, саясаттан шет қалуына және
енжарлыққа итермелейді. Оның үстіне, ауыл жастарының басты уайымы саясат емес,
жұмыссыздық пен күнкөріс мәселесі, бұл олардың назарын саясаттан алыстатады.

Алайда кейбір әлеуметтік зерттеулер ауыл жастарының саяси және азаматтық
бастамаларға қатысуға деген теориялық дайындығы қала жастарына қарағанда сәл
жоғарырақ екенін көрсеткен. Мәселен, сауалнамада ауыл жастарының 25,6%-ы бастамаларға
қатысуға «көбірек дайынмын» десе, қалада бұл көрсеткіш 18,5% болған. Алайда,
зерттеушілер бұл көрсеткішке қарамастан, нақты іс жүзінде қала жастары әлдеқайда саяси
белсендірек деп санайды. Себебі теориялық дайындық қанша жоғары болғанымен, қалалық
орта ғана саяси белсендікті іске асыруға нақты құралдар мен мүмкіндіктер береді [5].

Саяси белсендік сипаты тек қала мен ауыл арасында ғана емес, ірі қалалардың өзінде де
әртүрлі. Мысалы: Астана жастары көбіне мемлекеттік құрылымдардағы мансап
мүмкіндіктеріне қызығатындықтан, олар ресми билік арналарына көбірек бейім. Алматы
жастары халықаралық ұйымдарда, үкіметтік емес секторда жұмыс істей отырып,
институционалдық емес, бейресми саяси көзқарастарды көбірек ұстанады. Олар түрлі
волонтерлік бағдарламаларға, экологиялық акцияларға қатысады.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу Қазақстан жастарының саяси әлеуметтену процесі қазір түбегейлі

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №2 (84), маусым 2026
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
трансформацияға ұшырағанын көрсетеді. Цифрлық технологиялар мен әлеуметтік желілер
дәстүрлі институттардың орнын басқан негізгі агентке айналып отыр. Нәтижесінде
жастардың саяси мәдениеті, ақпарат тұтыну дағдылары және азаматтық белсендік
формалары айтарлықтай өзгерген. Мақалада жастардың саяси ақпаратты цифрлық медиадан
алатыны, әлеуметтік желілердің саяси пікір қалыптастырудағы жетекші алаңға айналғаны
анықталды. Бұл жағдай саяси сауаттың артуына және азаматтық белсендіктің жаңа
формаларының пайда болуына ықпал етсе, екінші жағынан жалған ақпарат, манипуляция
және «эхо-камера» әсері сияқты тәуекелдерді күшейте түсті.

Цифрлық ортада «гибридті-цифрлық саяси мәдениет» деген пайда болды. Бұл
«гибридті-цифрлық саяси мәдениет» жастардың дәстүрлі құндылықтар мен заманауи
цифрлық нормаларды ұштастыра отырып, жаңа саяси мінез-құлық үлгілерін
қалыптастыратынын көрсетті. Сонымен қатар «жұмсақ саяси әлеуметтену» феномені де
жастардың саясатқа жанама, қауіпсіз және мәдени-әлеуметтік арналар арқылы келіп
жатырғанын дәлелдейді. Саяси белсендік тұрғысынан қала және ауыл жастары арасындағы
айырмашылықтар ақпаратқа қолжетімдік, әлеуметтік орта және экономикалық
мүмкіндіктермен тығыз байланысты екені анықталды. Зерттеу қала жастарының нақты саяси
белсендігі жоғары болғанымен, ауыл жастарының әлеуеті мен қатысуға деген дайындығы
елеулі жоғары деңгейде екенін көрсетті.

Жалпы алғанда, цифрлық орта Қазақстан жастарын саяси процестердің пассив
бақылаушысынан белсенді қатысушысына айналдырып отыр. Осыған байланысты
болашақта жастардың цифрлық медидағы саяси әлеуметтенуін дамыту үшін медиа
сауаттылықты арттыру, ақпараттық қауіпсіздікті күшейту және жастардың сыни ойлау
қабілетін дамыту бағытында жүйелі шаралар қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Kenesov A. Digital citizenship in the 21st century: analyzing the impact of social media on youth political activism and civic engagement. Eurasian Science Review. 2025.

2. Кенесов А. Б. Влияние социальных сетей на формирование политического сознания казахстанской молодежи [Электронный ресурс]. – URL: <https://qra-centre.kz/ru/issledovanie/vliyanie-socialnyh-setej-na-formirovanie-politicheskogo-soznaniya-kazahstanskoj-molodezhi> (дата обращения: 02.02.2026).

3. Игібаева А. Қ., Ерболатұлы Д., Турарова Г. У. Киберәлеуметтендіру: беталысы және келешегі. Педагогика және психология. 2020. № 4. – DOI: <https://doi.org/10.51889/2020-4.2077-6861.14>

4. Цифрландыру және қазақстандық жастардың саяси мәдениеті: өзгерістер мен жаңа трендтер: ұжымдық монография. Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2023. 322 б.

5. Kilybayeva S., Nassimova G., Massalimova A. The Kazakhstani youth's engagement in politics. Studies of Transition States and Societies. 2017. Vol. 9, No. 1. P. 53–71. – URL: <https://nbn-resolving.org/urn:nbn:de:0168-ssoar-62566-8>

6. Әлішерова А. Б. Саяси реформалар кезіндегі студенттік жастардың саяси мәдениетінің трансформациялану ерекшеліктері (Алматы қаласы мысалында): PhD диссертациясы. – <https://farabi.university/storage/files/298913772169c6546c51065214146461> (қаралған күні: 02.02.2026).

7. Айтымбетов Н.І., Нышанбаев Н.К. Қазіргі қазақстандық жастардың саяси мәдениетінің өзгеруіне цифрлы технологиялардың ықпалы. КазҰУ Хабаршысы. Тарих Сериясы, 101(2), 118–127. DOI: <https://doi.org/10.26577/JH.2021.v101.i2.13> (қаралған күні: 02.02.2026).

8. Дмитриева А. С., Тулиндинова Ж. К., Умаров А. А. Влияние социальных сетей на современную политическую ситуацию в Казахстане. Вестник Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева. Серия: Политические науки. Регионоведение. Востоковедение. Тюркология. 2023. № 4 (145). – DOI: <https://doi.org/10.32523/2616->

References

1. Kenesov A. Digital citizenship in the 21st century: analyzing the impact of social media on youth political activism and civic engagement. *Eurasian Science Review*. 2025.
2. Kenesov A. B. Vliyanie social'nyh setej na formirovanie politicheskogo soznaniya kazahstanskoj molodezhi [Elektronnyj resurs]. – URL: <https://qra-centre.kz/ru/issledovanie/vliyanie-socialnyh-setej-na-formirovanie-politicheskogo-soznaniya-kazahstanskoj-molodezhi> (data obrashheniya: 02.02.2026).
3. Īgıbaeva A. Q., Erbolatūly D., Turarova G. U. Kiberäleumettendiru: betalysy jäne keleşegı. *Pedagogika jäne psihologia*. 2020. № 4. – DOI: <https://doi.org/10.51889/2020-4.2077-6861.14>
4. Sifrlandyru jäne qazaqstandyq jastardyñ saiasi mädenieti: özgerister men jaña trendter: űjymdyq monografiya. Almaty: QR ĜJBM ĜK Filosofıa, saiasattanu jäne dıntanu instituty, 2023. 322 b.
5. Kilybayeva S., Nassimova G., Massalimova A. The Kazakhstani youth's engagement in politics. *Studies of Transition States and Societies*. 2017. Vol. 9, No. 1. P. 53–71. – URL: <https://nbn-resolving.org/urn:nbn:de:0168-ssoar-62566-8>
6. Älışerova A. B. Saiasi reformalar kezindegi studenttik jastardyñ saiasi mädenietiniñ transformiasalanu erekşelikteri (Almaty qalasy mysalynda): PhD disertasiya. – <https://farabi.university/storage/files/298913772169c6546c51065214146461> (qaralğan küni: 02.02.2026).
7. Aitymbetov N.Y., Nyşanbaev N.K. Qazırgı qazaqstandyq jastardyñ saiasi mädenietiniñ özgerime sifrlı tehnologialardyñ yqpaly. *KazĪU Habarşysy. Tarih Seriasy*, 101(2), 118–127. DOI: <https://doi.org/10.26577/JH.2021.v101.i2.13> (qaralğan küni: 02.02.2026).
8. Dmitrieva A. S., Tulindinova Zh. K., Umarov A. A. Vliyanie social'nyh setej na sovremennuju politicheskiju situaciju v Kazahstane. *Vestnik Evrazijskogo nacional'nogo universiteta imeni L. N. Gumileva. Serija: Politicheskie nauki. Regionovedenie. Vostokovedenie. Tjurkologija*. 2023. № 4 (145). – DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-145-4-37-49>

ВЛИЯНИЕ ЦИФРОВОЙ СРЕДЫ НА ПОЛИТИЧЕСКУЮ СОЦИАЛИЗАЦИЮ МОЛОДЕЖИ КАЗАХСТАНА

ТАСКЫМБАЕВА Р.Б. 

Таскымбаева Рая Баймуратовна - Магистр, старший преподаватель, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г. Актөбе, Казахстан.

E-mail: moldir_merei66@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-5904-5682>

Аннотация. В данной статье рассматриваются процессы политической социализации молодежи Казахстана в условиях цифровой среды. Основная цель исследования заключается в анализе влияния цифровых технологий и социальных сетей на формирование политического сознания, гражданской позиции и политического поведения молодежи. В современном информационном обществе интернет и социальные платформы становятся ключевыми источниками информации, оказывая существенное влияние на систему ценностей и политические взгляды молодого поколения. В исследовании использована смешанная методология, включающая количественные и качественные методы анализа. Результаты показали, что большинство молодежи получает политическую информацию через такие платформы, как Instagram, TikTok и YouTube. Это приводит к трансформации форм политической коммуникации, усилению роли визуального и краткого контента. Вместе с тем выявлены и риски, связанные с распространением дезинформации, эффектом «эхо-камеры» и формированием клипового мышления. В статье обоснованы концепции «гибридно-цифровой политической культуры» и «мягкой политической социализации», раскрыты их особенности в казахстанском контексте. Также проанализированы различия между городской и сельской молодежью в уровне политической активности. Результаты исследования подтверждают, что цифровая среда способствует росту политической вовлеченности молодежи. В то же время подчеркивается необходимость развития медиаграмотности и критического мышления для снижения информационных рисков.

Ключевые слова: социализация молодежи, культурная социализация, политическая социализация, медиакультура, цифровизация, система образования.

THE IMPACT OF THE DIGITAL ENVIRONMENT ON THE POLITICAL SOCIALIZATION OF YOUTH IN KAZAKHSTAN

TASKYMBAEVA R.B. 

Taskymbaeva Raya Baimuratovna - Master, senior lecturer, K. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan.

E-mail: moldir_merei66@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-5904-5682>

Abstract. This article examines the processes of political socialization of youth in Kazakhstan within the context of the digital environment. The main objective of the study is to analyze the impact of digital technologies and social media on the formation of political consciousness, civic engagement, and political behavior among young people. In the modern information society, the internet and online platforms have become the primary sources of information, significantly influencing the values, attitudes, and political orientations of the younger generation. The study employs a mixed-methods approach, combining both quantitative and qualitative research techniques. The findings indicate that the majority of young people consume political information through platforms such as Instagram, TikTok, and YouTube. This shift has led to a transformation in political communication, with visual and short-form content becoming dominant. At the same time, the study identifies several risks, including the spread of misinformation, the «echo chamber» effect, and the rise of fragmented or «clip-based» thinking. The article introduces and theoretically substantiates the concepts of «hybrid-digital political culture» and «soft political socialization», highlighting their relevance in the Kazakhstani context. It also explores the differences in political participation between urban and rural youth. The results demonstrate that the digital environment plays a crucial role in enhancing youth political engagement. However, the study emphasizes the importance of strengthening media literacy and critical thinking skills to mitigate emerging information-related risks.

Key words: youth socialization, cultural socialization, political socialization, media culture, digitalization, education system.